

## Орал қаласының "Долинная" көшесінің атауын өзгерту туралы

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2009 жылғы 8 қазандағы N 21-13 шешімі және Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 24 қыркүйектегі N 2468 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әділет басқармасында 2009 жылғы 16 қазанда N 7-1-154 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 31 баптарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13 бабына сәйкес және қалалық ономастикалық комиссияның шешімі негізінде Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ** және Орал қалалық әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І** :

1. Орал қаласының "Долинная" көшесінің атауы "Б. Молдашев атындағы" көше деп өзгертілсін.

2. Осы шешім мен қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Орал қалалық мәслихатының  
кезекті*

*Орал қаласының әкімі  
21-ші сессиясының*

*төрағасы*

*Орал қалалық мәслихатының хатшысы*